



United States Embassy Kazakhstan  
ART in Embassies Program

**Mary Zicafoose** “New Fire Triple Helix,” 2003.  
Slit woven tapestry rug, hand dyed and woven wool on linen, 51 x 41 in.

**Мэри Зикафуз** «Жаңа жалынды үш қабатты шиыршық», 2003.  
Гобеленнен тігілген кілем, қолмен боялған, жүн араластырылған кенеп мата, 129,5 x 104,1 см

**Мэри Зикафуз** «Новая огненная тройная спираль», 2003.  
Гобеленовый ковер, ручное окрашивание, вплетение шерсти в льняные нити, 129,5 x 104,1 см

## Introduction

Art speaks a universal language that evokes different responses from different viewers. Whether the reaction to a work is positive or negative, art can stimulate dialogue and thus build bridges between cultures. The opportunity to see the works of creative Americans in our home gives our guests a window into the minds of individual Americans and a way to begin conversation.



Delighted to participate in the ART in Embassies program, we chose a selection of work by American artists that emphasizes form, texture, and light. Many of the artworks have tactile or woven surfaces, which are immediately accessible to Kazakhstani viewers, through their country's long tapestry, felt, and carpet-making traditions. The woven works of former biochemist Michael Rohde and master weaver Mary Zicafoose are simple in their geometric patterns, yet rich in color.

Hailing from California, a place of grasslands and mountains, we feel at home in the landscapes of Kazakhstan, a country also graced with wide-open spaces and towering peaks. The California nature scenes of Norman Foster and Karen Kitchel, with their emphasis on drawing and painterly technique, are unique depictions of open lands. Keith Ragone's "Untamed Landscape" simultaneously evokes ocean, air, and earth, reminding us of California's richness as it meets the mighty Pacific Ocean.

Forms, specifically circles, show up throughout the exhibition. Circles make the layers of Sidney Hutter's spectacular laminated plate glass "Jerry Water Vase," and are repeated in the fabrics of Amie Adelman, which are fascinating examples

of current techniques in silkscreening. Rene Megroz's magnificent rosewood concentric circle sculpture contains petrified redwood, which also reminds us of the towering forests of our home state.

As each viewer experiences art differently, so many of the works we have chosen also change depending on the light. As Sidney Hutter, the creator of the "Jerry Water Vase" says, "The beauty of my work is to walk around it and experience how it reacts to light, movement and the environment." His vase, viewed from one direction, initially looks lapis in color; then, as one gradually moves around the circle of the vase, the dyes and glass change magically into green and translucence. The woven pieces of Adelman, Zicafoose, and Rohde that hang on the walls are of natural fiber and change color as the light changes throughout the day. In this way, the constantly changing perceptions of a variety of viewers can begin a perpetually new and evolving conversation.

With the move of the U.S. Embassy from Almaty to Astana, we have the opportunity to display this exhibition in two cities of Kazakhstan, and thus give even greater numbers of Kazakhstanis access to these American works of art. We are grateful to the ART in Embassies Program and the generous lenders who make this program possible.

Ambassador John Ordway and Mrs. Maryjo Ordway

A handwritten signature in black ink that reads "John Ordway". The signature is written in a cursive, flowing style.

*Almaty  
July 2006*

## Кіріспе

Өнер әр көрерменге әрқалай әсер ететін бір ғаламдық тілде сөйлейді. Өнер туындысынан алған әсер жағымды не жағымсыз болсын, өнер адамдар арасындағы диалогқа дем беріп, алуан мәдениеттерді жалғастырады. Біздің шаңырағымызға келген қонақтарымыз көрмеге қойылған жұмыстарды көру арқылы жекелеген американдықтардың ішкі дүниесіне үңіліп, әңгіме-сұхбат құруға мүмкіндік алады.

«Елшіліктердегі ӨНЕР» бағдарламасына қатысқанымызға қуана отырып, біз пішін, құрылым және жарыққа баса мән беретін американдық суретшілердің туындылары жинағын таңдап алдық. Өнер туындыларының көбі қолға ұстағанда сезіне алатындай жасалған немесе тоқылған. Бұны елінің бай түскілем мен кілем тоқу және киіз басу дәстүрі бар қазақстандықтар жақсы түсінеді. Бұрынғы биохимик Майкл Род пен шебер тоқымашы Мэри Зикафуздың тоқыма туындыларының геометриялық өрнектері қарапайым болғанымен, бояуы алуан түрлі.

Шалғынды да таулы жер – Калифорниядан келген біз Қазақстанда өз елімізде жүргендей боламыз. Табиғат Қазақстанға да кең жазық дала мен аспанмен таласқан шыңдарды аямай мол берген. Сызу және кескіндеме техникасына ерекше мән беретін Норман Фостер мен Карен Китчелдің калифорниялық табиғат көріністері жазық даланың теңдессіз бейнесі болып табылады. Кит Рэгон «Жабайы табиғат көрінісі» деген шығармасында мұхит, ауа және жерді қатар жандандырып, күдіретті Тынық мұхитымен шектесетін Калифорнияның байлығын өрнектейді.


Туындыларға әртүрлі пішіндер, әсіресе шеңберлер тән. Сидней Хаттердің «Джерри су құмырасы» атаулы көп қабатты тамаша шыны құмырасының қабаттары шеңбер пішіндес болса, жібек графикасының қазіргі заманғы техникасының тамаша үлгілері болып табы-

латын Эми Аделманның маталарында да шеңберлерді көруге болады. Рене Мерроздың тамаша палисандр ағашынан жасалған мүсінінде тасқа айналған қызыл ағаш бар; бұл біздің туған жеріміздің ну ормандарын еске салады.

Әр көрермен өнер туындысын өзінше сезінетіндіктен, біз таңдап алған жұмыстардың көбі жарықтың түсуіне байланысты өзгеріп отырады. «Джерри су құмырасының» авторы Сидней Хаттер «Менің шығарманың тамаша жері оны айналып жүріп, оның жарық, қозғалыс және қоршаған ортаға қалай әсер ететінін көруге болатындығында» деді. Оның құмырасы бір қарағанда көкшіл түстес көрінеді, сосын оны айналып жүрсеңіз, оның бояуы мен шынысы таңғажайып түрде мөлдір жасыл түске айналады. Аделман, Зикафуз және Родтың тоқыма жұмыстары табиғи талшықтардан жасалған және күндізгі жарықтың өзгеруіне байланысты түсін өзгертіп отырады. Осылайша, әртүрлі көрерменнің өнер туындысынан алатын әрдайым өзгермелі әсері жаңа әңгіме-сұхбатқа серпін береді.

АҚШ елшілігінің Алматыдан Астанаға көшуі бізге бұл көрмені жұртшылыққа Қазақстанның екі қаласында көрсетуге мүмкіндік беріп, көптеген қазақстандықтарға американдық өнер туындыларын көруге жол ашады. Біз «Елшіліктердегі ӨНЕР» бағдарламасына және туындыларын көрмеге берген кең пейілді суретшілерге ризашылығымызды білдіреміз.

Елші Джон Ордвей мырза мен Мэриджо Ордвей ханым



Алматы  
Шілде, 2006

## Введение

Искусство говорит с нами на универсальном языке, вызывая самые различные реакции. Независимо от того, какой отклик вызывает произведение искусства, оно неизменно стимулирует диалог и, таким образом, создает мосты между культурами. Возможность увидеть работы американских художников в нашем доме позволяет гостям заглянуть в духовный мир американцев и завязать диалог.

Вдохновленные возможностью участвовать в программе «Искусство в посольствах», мы выбрали те работы американских художников, которые подчеркивают форму, текстуру и свет. Многие из работ можно почувствовать через прикосновение – это тканые поверхности, которые понятны и близки казахстанскому народу с его богатой традицией изготовления гобеленов, войлочных изделий и ковроткачества. Работы бывшего биохимика Михаила Рода и мастера Мэри Зикафуз очень просты в своих геометрических формах, но удивительно богаты по цвету.

Родом из Калифорнии, гористой и зеленой местности, мы чувствуем себя уютно среди пейзажей Казахстана, страны, одаренной пространством и горными вершинами. Пейзажи Калифорнии Нормана Фостера и Карен Китчел, с их четким рисунком и живописной техникой, являются уникальными изображениями открытых пространств. «Строптивый пейзаж» Кита Рэгона, изображающий гармонию океана, воздуха и земли, напоминает нам о богатстве Калифорнийской земли, встречающей могущественный Тихий океан.


Формы, особенно круги, неоднократно повторяются во всей выставке. Впечатляющая работа Сиднея Хаттера «Водяная ваза Джерри» выполнена из круглых слоев ламинированного стекла, наложенного друг на друга. Круги повторяются в текстиле Эми Аделман, во-

схитительного образца новейших технологий в шелкографии. Прекрасная круглая скульптура из палисандра Рене Мегроз содержит в себе окаменевшие кусочки секвойи и напоминает нам о высоких лесах родного штата.

Многие из представленных работ меняются в зависимости от света и тени. Сидней Хаттер, создатель «Водяной вазы Джерри», так говорил о своей работе: «Красота моей вазы в том, что, перемещаясь вокруг нее, зритель может наблюдать, как она реагирует на свет, движение и окружение». Если на нее смотреть из определенной точки, то его ваза кажется лазурно голубой. Если медленно обходить ее, то она магически меняет цвет, превращаясь в прозрачно-зеленую. Тканые работы Аделман, Зикафузе и Роде на стенах, выполнены из натуральных материалов, и в зависимости от времени суток меняют свои оттенки. Таким образом, постоянно меняющиеся впечатления гостей вдохновляют на новые дискуссии.

С переездом Посольства США в Казахстане из Алматы в Астану мы имеем возможность показать эту выставку в двух городах Казахстана и представить американское искусство еще большему количеству зрителей. Мы благодарны программе «ИСКУССТВО в посольствах», а также всем художникам, любезно согласившимся выставить свои работы.

Посол США в Казахстане Джон Ордвей  
и госпожа Ордвей



Алматы  
Июль 2006

## The ART in Embassies Program

---

The ART in Embassies Program (ART) is a unique blend of art, diplomacy, and culture. Regardless of the medium, style, or subject matter, art transcends barriers of language and provides the means for the program to promote dialogue through the international language of art that leads to mutual respect and understanding between diverse cultures.

Modestly conceived in 1964, ART has evolved into a sophisticated program that curates exhibitions, managing and exhibiting more than 3,500 original works of loaned art by U.S. citizens. The work is displayed in the public rooms of some 180 U.S. embassy residences and diplomatic missions worldwide. These exhibitions, with their diverse themes and content, represent one of the most important principles of our democracy: freedom of expression. The art is a great source of pride to the U.S. ambassadors, assisting them in multi-functional outreach to the host country's educational, cultural, business, and diplomatic communities.

Works of art exhibited through the program encompass a variety of media and styles, ranging from eighteenth century colonial portraiture to contemporary multi-media installations. They are obtained through the generosity of lending sources that include U.S. museums, galleries, artists, institutions, corporations, and private collections. In viewing the exhibitions, the thousands of guests who visit U.S. embassy residences each year have the opportunity to learn about our nation – its history, customs, values, and aspirations – by experiencing firsthand the international lines of communication known to us all as art.

The ART in Embassies Program is proud to lead this international effort to present the artistic accomplishments of the people of the United States. We invite you to visit the ART web site, <http://aiep.state.gov>, which features on-line versions of all exhibitions worldwide.

## «Елшіліктердегі ӨНЕР» бағдарламасы

---

«Елшіліктердегі ӨНЕР» бағдарламасы (ART) өнер, дипломатия және мәдениет салаларын бірегей үйлестіреді. Өнер шығармалары бейне құралдарына, бағыттарына және мәтіндеріне қарамастан тіл тұрғысынан тосқауылды мойындамайды. «Елшіліктердегі ӨНЕР» ART бағдарламасы үшін өнер шығармалары негізгі мақсатқа жету құралы болып табылады, яғни бүкіл дүние жүзіндегі адамдарға түсінікті әлем азаматтарына таныс өнер тілінде жүргізіліп, етін және әр түрлі мәдениет өкілдерінің өзара түсіністігі мен сыйластығын, құрметін нығайтатын диалогты жалғастырады, яғни оның негізгі миссиясын орындау құралы болып табылады.

Осы «көрнекі дипломатия» бастамасы 1964 ж. бірінші рет іске асқан. Бүгінгі күні ол көлемді әрі алуан түрлі бағдарлама болып

кеңейіп кетті, ол АҚШ азаматтары табыс еткен өнер туындыларының 3500-ден астам түпнұсқасын көрмеге шығарды. Бұл туындылар шет елдерде АҚШ елшіліктердің 180 резиденциясында қойылған. Тақырыбы мен мазмұны әртүрлі көрмелер сөздің көмегінсіз біздің елдің негізгі қағидасы – адам ой-пікірін білдіру еркіндігін нақты бейнелейді. Көрмеге қойылған өнер туындылары көптеген әр алуан мақсатта қызмет міндет атқарып, мәдениет және білім беру салаларының өкілдеріне, іскерлер мен дипломаттарға АҚШ мәдениетін таныстыратын Америка елшілерінің мақтанышы болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде көрсетілетін туындыларға алуан түрлі техникалар әдістемелер мен жанрлар тән алуан түрлілігін толығымен бейнелейді, оның ішінде он сегізінші ғасырдың коло-

ниальдық портреттік кескіндемесінен бастап, қазіргі заманның шыны мүсініне дейінгі жұмыстар бар. Осы жұмыстарды бізге американдық мұражайлаузейлер, сурет галереялары, жеке суретшілер мен мекемелер, компаниялар мен жеке жинаушылар шын жүректен табыс еткен. Дүние жүзіндегі АҚШ елшіліктерінің резиденцияларында өтетін көрмелерге жылына мыңдаған адам қатысады. Өнерді «әмбебап байланыс жүйесі» ретінде қарастыратын болсақ, ол көрермендерге біздің еліміз, оның тарихы мен әдет-ғұрпы туралы көбірек мәлімет

алуға және біздің халықты, оның үміті мен арманын мүмкіншілік туғызады.

«Елшіліктердегі ӨНЕР» бағдарламасы қызметкерлері өздерінің американдық өнерді шет елдерге таныстыру құрметіне ие болғандығын аса мақтан тұтады. Біз сіздерді <http://aiep.state.gov> сайтына қарап, бағдарлама шеңберінде ұйымдастырылған барлық көрмелердің электрондық нұсқаларымен, өнер туындыларының авторларымен және оларды көрмеге шығарған коллекция жинаушылармен танысуға шақырамыз.

## Программа «Искусство в посольствах»

Программа «Искусство в посольствах» (ART) уникальным образом сочетает в себе искусство, дипломатию и культуру. Произведения искусства преодолевают языковые барьеры вне зависимости от изобразительных средств, направления и сюжета. Для программы ART произведения искусства являются инструментом выполнения ее миссии – продолжение диалога, направленного на достижение взаимоуважения и взаимопонимания между представителями различных культур, ведущегося на языке искусства, понятном людям во всем мире.

Эта инициатива «наглядной дипломатии» берет свое начало в 1964 г. В наши дни она переросла в обширную и сложную программу, курирующую проведение выставок, на которых экспонируется в общей сложности более 3500 оригиналов, предоставленных для этой цели гражданами США. Эти работы выставляются в ста семидесяти резиденциях посольств и дипломатических миссий США в различных странах. Выставки, разнообразные по тематике и содержанию, убедительно демонстрируют без помощи слов один из важнейших принципов нашего государства – свободу выражения личности. Представленные на выставках произведения искусства выполняют многоцелевые функции и являются предме-

том гордости американских послов, которые знакомят представителей сферы культуры и образования, деловых и дипломатических кругов принимающих стран с искусством США.

Работы, которые демонстрируются в рамках программы, отражают все разнообразие техники и жанров, начиная с колониальной портретной живописи восемнадцатого века и заканчивая современной стеклянной скульптурой. Они были любезно предоставлены нам американскими музеями, картинными галереями, художниками, учреждениями, компаниями и частными коллекционерами. Выставки в резиденциях американских посольств ежегодно посещают тысячи людей во всем мире. Искусство, этот универсальный «канал связи», дает им возможность больше узнать о нашей стране, ее истории и обычаях, понять наш народ, его надежды и чаяния.

Сотрудники программы «Искусство в посольствах» гордятся тем, что им выпала честь представлять американское искусство за рубежом. Мы приглашаем вас посетить сайт ART: <http://aiep.state.gov> и познакомиться с электронными версиями всех выставок, проводимых в рамках программы, с авторами работ и коллекционерами, предоставившими для нее произведения искусства.

## Amie Adelman (born 1971)

---

Amie Adelman is the Fibers Coordinator and Assistant Professor in the School of Visual Arts at the University of North Texas, Denton. She has received numerous grants from her university to research textiles in West Africa, South Africa, and Guatemala. Adelman received her Bachelor of Fine Arts degree in fiber from Arizona State University, Tempe, and her Master

of Fine Arts degree in fiber from the University of Kansas, Lawrence. Adelman's fiber work has been published in two books, *Dyeing and Screen Printing on Textiles*, and *Fiberarts Design, Book Six*. Her work has also been published in the magazines *American Craft*, *Surface Design*, and *Fiberarts*.

## Эми Аделман (1971 ж. дүниеге келген)

---

Эми Аделман – Дентон қаласындағы Солтүстік Техас университеті жанындағы Бейне өнері мектебінің доценті әрі талшықты материалдармен жұмысты үйлестіруші. Ол өз университетінен Батыс және Оңтүстік Африкада, Гватемалада тоқыма дәстүрін зерттеу үшін бөлінген гранттарға бірнеше мәрте ие болды. Аделман ханым талшықты материалдардан көркем өнер туындыларын жасау саласындағы бакалавр дәрежесіне Темпи қаласындағы Аризона Штаты университетін-

де және осы саладағы магистр дәрежесіне Лоренс қаласындағы Канзас университетінде оқыған. Аделман талшықты материалдар бойынша жүргізген зерттеулерінің негізінде «Тоқыма маталарды бояу және трафаретті жазу» және «Талшықты материалдар дизайны. Алтыншы кітап» атаулы екі кітап жазды. Сондай-ақ, оның еңбектері «Американдық өнер», «Сыртқы өңдеу жұмыстары» және «Талшықты материалдар көркем өнері» журналдарында жарық көрген.

## Эми Аделман (родилась в 1971г.)

---

Эми Аделман является координатором и доцентом текстильного отделения в школе художественных искусств университета Северного Техаса, Дентон. Университет неоднократно выделял ей гранты на исследование текстильных традиций в Западной и Южной Африке и Гватемале. Аделман получила степень бакалавра в области текстильного дизайна в Государственном университете

Аризоны, Темпе, и степень магистра в области текстильного дизайна в университете Канзаса, Лоуренс. Работы Аделман представлены в двух книгах «Окрашивание и печать в текстиле» и «Дизайн текстиля, книга шестая». Её работы также публикуются в журналах «Художественный промысел в Америке» и «Печатный дизайн».





**Crowd**, 1998

Screen printing, painting, discharge and immersion dye,  
91 x 54 ½ in. Courtesy of the artist, Denton, Texas

**Тобыр**, 1998

Жібек графикасы, сурет, түссіздендірілген  
және бояуы қанық сурет, 231,1x138,4 см.  
Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген,  
Дентон, Техас штаты

**Толпа**, 1998

Шелкография, живопись, обесцвечивание и  
иммерсионное окрашивание, 231,1 x 138,4 см  
Любезно предоставлено автором, Дентон, Техас

**Lasting Impression**, 2002

Rayon, fiber reactive and wax resist dyes; stamped and  
painted, 56 x 31 in. Courtesy of the artist, Denton, Texas

**Есте қаларлық әсер**, 2002

Жасанды жібек, талшықты материалдар  
мен балауыз бояулары, мөрленген және боялған,  
142,2 x 78,7 см. Суретшінің ілтипатты  
рұқсатымен берілген, Дентон, Техас штаты

**Не проходящее впечатление**, 2002

Вискоза, текстильные и восковые устойчивые  
красители; штамповка и живопись, 142,2 x 78,7 см  
Любезно предоставлено автором, Дентон, Техас





**Window to a Closed Door**, undated

Screen printing, painting, discharge and immersion dye, 63 x 46 in. Courtesy of the artist, Denton, Texas

**Жабық есікке қараған терезе, уақыты белгісіз**

Жібек графикасы, сурет, түссіздендірілген және бояуы қанық сурет, 160 x 116,8 см  
Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген, Дентон, Техас штаты

**Окно в закрытую дверь (без даты)**

Шелкография, живопись, обесцвечивание и иммерсионное окрашивание, 160 x 116,8 см  
Любезно предоставлено автором, Дентон, Техас

## Norman Foster

---

Norman Foster received his Bachelor of Arts degrees from New York University, New York City, and Mexico City College, Mexico, both in 1948. Foster received his Master of Fine Arts degree in 1950 from the University of Missouri, where he also was awarded a teaching fellowship. For two

years after he received his Master's degree, Foster was an art instructor at Jefferson City College in Missouri.

Foster's artwork is in the permanent collections of the Fresno Art Museum, California, and the Monterey Museum of Art, also in California.

## Норман Фостер

---

Норман Фостер өнер саласындағы бакалавр дәрежесін Нью-Йорк қаласындағы Нью-Йорк университетінен және Мексикадағы Мексика қалалық колледжінен 1948 жылы алды. Фостер көркем өнер саласындағы магистр дәрежесін 1950 жылы Миссури университетінде қорғады, сол университетте ол дәріс оқуға да шақырылды. Магистр

бағдарламасын бітіргеннен кейін, Фостер екі жыл Миссуридегі Джефферсон қалалық колледжінде өнерден дәріс оқыды.

Фостердің өнер туындылары Калифорниядағы Фресно өнер мұражайы мен сол Калифорнияда орналасқан Монтерей өнер мұражайының тұрақты жинақтарынан орын тепкен.

## Норман Фостер

---

Норман Фостер одновременно получил степень бакалавра искусства в университете Нью-Йорка и городском колледже Мехико в 1948 году. Ему была присвоена степень магистра искусств в 1950 году в университете Миссури, где он также был удостоен стипендии преподавателя. В последствии

в течение двух лет Фостер работал инструктором по искусству в городском колледже Джефферсона, Миссури. Работы Фостера находятся в постоянных коллекциях музея искусств Фресно и музея искусств Монтерей, оба расположены в Калифорнии.



**Sun and Fog**, 1998

Oil on board, 48 x 48 in.  
Courtesy of the artist, and Finesilver Gallery,  
San Antonio, Texas

**Күн мен тұман**, 1998

Ағаш, майлы бояу, 121,9 x 121,9 см  
Суретші мен Файнсилвер галереясының  
ілтпаты рұқсатымен берілген,  
Сан Антонио, Техас

**Солнце и туман**, 1998

Картон, масло, 121,9 x 121,9 см  
Любезно предоставлено автором и галере-  
ей Файнсилвер, Сан Антонио, Техас

**Sunrise, Big Sur Coast**, 1998

Oil on canvas, 40 x 30 in.  
Courtesy of the artist, and Finesilver Gallery,  
San Antonio, Texas

**Күннің шығуы, Биг Сур жағалауы**, 1998

Кенеп, майлы бояу, 101,6 x 76,2 см  
Суретші мен Файнсилвер галереясының  
ілтпаты рұқсатымен берілген,  
Сан Антонио, Техас штаты

**Восход солнца, берег Биг Сур**, 1998

Холст, масло, 101,6 x 76,2 см  
Любезно предоставлено автором и галереей  
Файнсилвер, Сан Антонио, Техас



## Sidney Hutter (born 1954)

---

Sydney Hutter was among the first artists in the world who experimented with laminated glass techniques, and is considered a pioneer in the American Studio Glass Movement. Hutter's work covers a wide range of sculptural glass techniques and images. He works mainly with commercially available plate glass, which he alters through traditional techniques of cutting, grinding, polishing, drilling, laminating, and sandblasting. The sculptures also incorporate complementary materials such as metal and wood.

Hutter received his Master of Fine Arts degree from the Massachusetts College of Art and his Bachelor of Science degree in art at Illinois State University. His works are included in many important public Collections, including the American Craft Museum and the Metropolitan Museum of Art, both in New York City; the Corning Museum, Corning, New York; the White House Craft Collection and the Renwick Gallery, National Museum of American Art, Smithsonian Institution, both in Washington, D.C.; and the Peabody Essex Museum, Salem, and the Museum of Fine Arts, Boston both in Massachusetts.

## Сидней Хаттер (1954 ж. дүниеге келген)

---

Сидней Хаттер ламинатталған шынымен жұмыс істеген әлемдегі ең алғашқы суретшілердің қатарына жатады және ол Американдық шыны қозғалысының іргетасын қалаушысы болып саналады. Хаттердің туындысында әйнектен жасалған мүсіндер мен бейнелер жасауда қолданылатын әдістердің кең ауқымы қамтылған. Ол көбінесе сатуға арналған дайын шыны тәрелкелермен жұмыс істейді, оларды кесу, ұнтақтау, жалтырату, тесік тесу, ламинаттау және құммен өңдеу сияқты белгілі тәсілдер арқылы өзгертеді. Мүсінде-рінде, сондай-ақ, металл және ағаш сияқты қосымша материалдар да бар.

Хаттер көркем өнер саласындағы магистр дәрежесіне Массачусетс өнер колледжінде оқып, ал өнер саласындағы бакалавр дәрежесін Иллинойс штаты университетінен алды. Оның туындылары көптеген маңызды қоғамдық жинақтарға кіргізілген, олардың қатарында Нью-Йорк қаласында орналасқан Американдық қолөнер мұражайы мен Қалалық өнер мұражайы (Нью-Йорк штаты), Корнинг қалалық мұражайы, Ақ Үйдегі қолөнер жинағы мен Ренуик галереясы, Американдық ұлттық өнер мұражайы, Смитсониян институты (екеуі де Вашингтон қаласында) және Пибоди Эссекс мұражайы, Салем және Бостон қалалық көркем өнер мұражайы (екеуі де Массачусетс штатында) бар.

## Сидней Хаттер (родился в 1954 г.)

---

Сидней Хаттер был одним из первых в мире художников, кто начал экспериментировать с техниками на ламинированном стекле, и считается одним из пионеров Американской Ассоциации художников, специализирующихся на работе со стеклом. Свои произведения Хаттер создает, используя

широкий спектр разнообразных техник и образов. В основном он использует бытовое плоское стекло, применяя традиционные техники резки, шлифовки, полировки, сверления, ламинирования и обработки песочной струей. В скульптуры также включаются дополнительные материалы, такие как метал

и дерево. Хаттер получил степень магистра изобразительного искусства в колледже искусств, Массачусетс и степень бакалавра в Государственном университете Иллинойса. Его работы находятся во многих государственных коллекциях, включая Американский музей художественного промысла и музей искусств Метрополитен, находящиеся в Нью-

Йорке, музей Корнинг, Корнинг, Нью-Йорк, собрание работ художественного промысла Белого Дома, и галерею Ренуик, Национальный музей американского искусства, офис Смитсона, штат Вашингтон, музей Пибоди Эссекс и музей изобразительных искусств, Бостон, которые находятся в Массачусетс.



**Jerry Water Vase (#127), 2001**

Laminated plate glass with blue and green dye, 16 ½ x 9 ½ x 9 ½ in.  
Courtesy of the artist, Waltham, Massachusetts, and Marx-Saunders Gallery, Chicago, Illinois

**Джерри су вазасы (#127), 2001**

Ламинатталған шыны, көк және жасыл бояулар, 41,9 x 24,1 x 24,1 см. Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген, Уалтам, Массачусетс және Маркс-Сондерс галереясы, Чикаго, Иллинойс штаты

**Водяная Ваза Джерри (#127), 2001**

Ламинированная стеклянная тарелка с синей и зеленой росписью, 41,9 x 24,1 x 24,1 см  
Любезно предоставлено автором, Уолтам, Массачусетс, и галереей Маркс-Сондерс, Чикаго, Иллинойс

## Karen Kitchel (born 1957)

---

Never the apolitical landscape artist, Kitchel deploys her signature close-up views of native and transplanted flora to examine the “marginalized” plant life that inhabits the borders of that infamous suburban American fixture, the parking lot. As Ann Daley of the Denver Art Museum writes, Kitchel’s paintings “have as many layers of meaning as of paint. They are elegant statements about the West of the twenty-first century and the rapid changes we see around us and deny seeing around us.” Kitchel has lived and painted in the western United States for over twenty years. Her paintings

have been widely exhibited throughout the United States, and are in the permanent collections of the Denver Art Museum, Colorado; in California at the Palm Springs Desert Museum, the Pomona College Art Museum, and the corporate collections of Hilton Hotels and Pfizer, Inc.

Karen Kitchel was born in 1957 in Battle Creek, Michigan. She received her Bachelor of Arts degree from Kalamazoo College, Michigan, and her Master of Fine Arts degree from Claremont Graduate University, California.

## Карен Китчел (1957 ж. дүниеге келген)

---

Саясаттан ешқашан бойын аулақ ұстамаған пейзажист Китчел өзіндік шығармашылық стилінде жергілікті және басқа жерлерден әкелінген өсімдіктер әлемін үлкейтіп бейнелейді. Осы стилін қолдана отырып, ол жағынан танымал, американдық қала сыртындағы өмірдің айырылмас бөлігі – автотұрақтардың шекараларындағы «маргиналдың өсімдіктер әлемін өрнектейді. Денвер өнер мұражайындағы Анн Дэйли жазғандай «Китчелдің суреттерінде бояудың қанша қабаты болса, суреттердің мағынасының да сонша қабаты бар. Оның суреттері 21 ғасырдағы Батысты және айналамыздағы жылдам болып жатқан өзгерістерді және де сол өзгерістерді көргіміз келмейтіндігімізді керемет суреттейді». Китчел жиырма жылдан астам уақыт

ішінде АҚШ-тың батыс бөлігінде өмір сүріп, сурет салды. Оның туындылары Америка Құрама Штаттары аумағында көрмелерге кеңінен қойылып, Колорадодағы Денвер өнер мұражайының тұрақты жинағына кіргізілді; Калифорния штатындағы Палм Спрингз Дезерт мұражайында, Помона колледжінің Өнер мұражайында, сондай-ақ, Хилтон конак үйлері мен Пфайзер Инк. корпоративті жинақтарының қорына енгізілген.

Карен Китчел 1957 ж. Мичиган штаты, Баттл Крик қаласында дүниеге келген. Ол көркемөнер саласындағы бакалавр дәрежесін Мичигандағы Каламазу колледжінен алған, ал магистр бағдарламасын Калифорниядағы Клэйрмонт университетінде бітірді.

## Карен Китчел (родилась в 1957)

---

Китчел, которая никогда не была аполитичным художником-пейзажистом, использует свой личностный макровзгляд на местную и завезенную из других мест флору, чтобы исследовать жизнь «маргинальных» растений, произрастающих на границе таких тривиаль-

ных пригородов Америки, коими являются парковые зоны. Как пишет Анн Делей из музея искусств Денвера, картины Китчел «содержат в себе столько смысловых значений, сколько слоев краски. Они передают тонкие размышления о жизни западных штатов двад-

цать первого века, о быстрых изменениях, которые мы замечаем вокруг себя и которые отказываемся видеть». Более двадцати лет Китчел живет и пишет картины на западе Соединенных Штатов. Её картины широко выставляются в США, и находятся в постоянных коллекциях музея искусств Денвера, Колорадо, музея пустыни Палм Спрингз в Калифорнии, музее искусств колледжа

Помоны, и в корпоративных коллекциях отеля Хилтон и корпорации Файзер.

Карен Китчел родилась в 1957 году в Бэттл Крик, Мичиган. Она получила степень бакалавра искусств в колледже Каламазу, Мичиган, и степень магистра изобразительных искусств в университете Клермонт, Калифорния.



**Parking Lot Weeds No. 6**, undated

Oil on birch panel, 18 x 18 in.

Courtesy of the artist, and Robischon Gallery, Denver, Colorado

**Автотұрақ айналасындағы арам шөп #6**, уақыты белгісіз

Қайың ағашта майлы бояу, 45,7 x 45,7 см

Суретші мен Робишон галереясының ілтипатты рұқсатымен берілген, Денвер, Колорадо штаты

**Сорняки в парковой зоне # 6**, (без даты)

Масло на березовом панно, 45,7 x 45,7 см

Любезно предоставлено автором и галереей Робискон, Денвер, Колорадо





**Parking Lot Weeds No. 9**, undated

Oil on birch panel, 18 x 18 in.  
Courtesy of the artist, and Robischon Gallery, Denver, Colorado

**Автотурақ айналасындағы арам шөп #9**, уақыты белгісіз

Қайың ағашта майлы бояу, 45,7 x 45,7 см  
Суретші мен Робишон галереясының ілтипатты рұқсатымен берілген, Денвер, Колорадо штаты

**Сорняки в парковой зоне # 9**, (без даты)

Масло на березовом панно, 45,7 x 45,7 см  
Любезно предоставлено автором и галереей Робискон, Денвер, Колорадо

## Rene Megroz (born 1942)

---

Rene Megroz shows his broad perspective of life through his woodcarvings. Born in Zurich, Switzerland, in 1942, Megroz has traveled extensively throughout the world; his exposure to many different cultures and lifestyles has allowed him to explore and expand his vision of the world.

The fine detailing of his work affirms the precision with which Megroz carves his wood sculpture. Upon examination, one might consider the

time, effort, and years of experience utilized to create such a sincere paradigm from a simple piece of wood, the balance between the real and the unreal.

Megroz's works are found in private and public collections throughout the United States. He is represented by several established galleries, and exhibits each year at the Festival of the Arts in Laguna Beach, California.

## Рене Мегроз (1942 ж. дүниеге келген)

---

Рене Мегроз ағаштан ойып жасаған туындылары арқылы өзінің өмірге деген кең көзқарасын білдіреді. Швейцарияның Цюрих қаласында 1942 жылы дүниеге келген Мегроз жер шарын аралаған. Саяхат барысында ол көптеген алуан түрлі мәдениеттер мен өмір сүру стилдерін көріп, әлем туралы көзқарасын кеңейтуге мүмкіндік алды. Өз туындыларындағы әрбір бөлшектің шеберлікпен жасалуы Мегроздың ағашты сондай дәлдікпен нақтылықпен оятынын көрсетеді. Туындымен танысқан кезде ойға ағаш шеберінің

қарапайым ағаштан сондай керемет, шынайы, өмірде бар нәрсе мен болмайтын нәрсенің ара жігін ажырататын туынды жасау үшін жұмсаған уақыты, күш-қайраты, әрі жылдар бойы шебердің жинаған тәжірибесі туралы ойланасыз. Мегроздың туындыларын АҚШ-тың түкпір-түкпірінде жекеменшік және қоғамдық жинақтардан табуға болады. Шебердің туындылары бірнеше танымал галереяларда қойылған және жыл сайын Калифорния штаты, Лагуна Бич қаласында өтетін Өнер фестивалінде көрсетіліп тұрады.

## Рене Мегроз (родился в 1942 году)

---

Резьбой по дереву Рене Мегроз передает свое глубокое видение жизни. Уроженец Цюриха, Швейцария (1942 г.р.), Мегроз очень много путешествует по свету. Открытость к восприятию различных культур и стилей жизни позволяет ему исследовать и расширять собственное видение мира. Тщательная проработка мельчайших деталей свидетельствует о скрупулезности, с которой Мегроз подходит к своей работе с деревянными скульптурами. Глядя на них, легко можно

представить, сколько времени, усилий и многолетнего опыта потребовалось на создание из обычного куска дерева такого образца искренности, такого баланса на грани между реальным и нереальным. Работы Мегроза находятся в частных и государственных коллекциях различных штатов. Его представляют несколько известных галерей, и он каждый год выставляется на Фестивале искусств в Лагуна Бич, Калифорния.



**Untitled**

Rosewood, 5 x 5 ½ in. and 16 x 18 in.  
Lent by Vartkess and Rita Balian, Washington, D.C.

**Атауы жоқ**

Палисандр ағашы, 12,7 x 14 см және 40,6 x 45,7 см  
Варткесс пен Рита Балиан уақытша қолдануға берген, Вашингтон қаласы

**Без названия**

Палисандровое дерево, 12,7 x 14 см и 40,6 x 45,7 см  
Предоставлено на время Варткесс и Ритой Балиан, штат Вашингтон

## Keith Ragone (born 1954)

Born in 1954, Keith Ragone was educated at the Pennsylvania Academy of the Fine Arts in Philadelphia and received his Master of Fine Arts degree from the School of Visual Arts in New York City. Since 1977 his work has been shown in numerous group and solo exhibitions. In 1998 Ragone was awarded a Ballinglen Arts Foundation Artist Residency in Ireland. He has also received fellowship and scholarship awards from the New Jersey State Council on

the Arts, the School of Visual Arts in New York City, and the Pennsylvania Academy of the Fine Arts in Philadelphia. Ragone's work is in many collections, including those of Chase Manhattan in New York City, as well as Buchanan Ingersoll, Duane Morris & Heckscher, Greitzer & Locks, Knipes Cohen, and Provident Mutual Trust, all in Philadelphia.

The artist resides in Newfield Borough, in Gloucester County, Pennsylvania.

## Кит Рэгон (1954 ж. дүниеге келген)

1954 ж. дүниеге келген Кит Рэгон Филадельфия көркем өнер академиясында білім алды, көркем өнер саласындағы магистр дәрежесіне Нью-Йорк қаласындағы Бейне өнері мектебінде оқыды. 1977 жылдан бері оның туындылары көптеген жеке және топтық көрмелерде көрсетіліп келеді. 1998 жылы Рэгон мырза Боллинглен өнер қорынан Ирландияда жұмыс істеуге жолдама алды. Сондай-ақ, ол Нью-Джерси штаты Өнер кеңесінен, Нью-Йорк қаласындағы Бейне өнері мектебінен және Филадельфиядағы Пенсильвания көркем өнер академиясынан оқу гранттарын жеңіп алды. Рэгонның туындылары көптеген жинақтарға қосылған,

олардың ішінде Нью-Йорк қаласындағы Чейз Манхэттен, сондай-ақ, Бюканан Ингерсол, Дюэйн Моррис & Хекшер, Грайтцер & Локс, Найпс Коуэн және Провидент Мючуал Траст (барлығы Филадельфияда орналасқан) бар.

Суретші Пенсильвания штаты, Глауестер аймағындағы Ньюфилд Бороу қаласында тұрады.



## Кит Рэгон (родился в 1954 г.)

Кит Рэгон родился в 1954 году, получил образование в академии изобразительных искусств Пенсильвании в Филадельфии и был удостоен степени магистра в школе изобразительных искусств Нью-Йорка. С 1977 года его работы регулярно выставляются как на совместных, так и персональных выставках. В 1998 году Рэгон был выбран Фондом искусств Биллинглен для работы в художественной резиденции в Ирландии. Он также получал стипендии Государственного совета

по искусству Нью-Джерси, школы изобразительных искусств Нью-Йорка и академии изобразительных искусств Пенсильвании, Филадельфия. Работы Рэгона находятся во многих коллекциях, включая Чейз Манхеттен в Нью-Йорке, Бачанан Ингерсолл, Дуан Моррис & Хекшер, Грейтцер и Локс, Найпс Кохен, и Траст Провидент Мьючел в Филадельфии. Художник живет в Ньюфилд Боро, графства Глостер, Пенсильвания.

**Untamed Landscape**, 1994. Oil on paper, 22 x 30 in. overall  
Courtesy Locks Gallery, Philadelphia, Pennsylvania.

**Жабайы табиғат көрінісі**, 1994. Қағаз, майлы бояу, 55,9 x 76,2 см;  
55,9 x 152,4 см толық диптих. Локс галереясының ілтипатты  
рұқсатымен берілген, Филадельфия, Пенсильвания штаты

**Строптивный пейзаж**, 1994. Бумага, масло, 55,9 x 76,2 см,  
55,9 x 152,4 см, тотальный диптих. Любезно предоставлено  
галереей Локс, Филадельфия, Пенсильвания



## Michael F. Rohde (born 1943)

---

Michael Rohde was born in Fort Worth, Texas, and was initially a self-taught weaver, working with a lap loom, but later received formal training in drawing, color, and design at the Alfred C. Glassel School of Art of the Houston Museum of Fine Arts, Texas.

Trained both in art and the sciences, with a Ph.D. in Biochemistry, Rohde has been working in both fields since the early 1970s. In 1998 he left his position as director of a research laboratory to concentrate on his hand weavings. Of his inspiration Rohde explains: “an idea for a new piece will come from a chance view of a color combination, or a geometry. A garden in Oaxaca,

Mexico, or the profusion of blues seen in the ceramic tiles of Istanbul...the results may be far away from the original image, but still have roots there.”

Over the years, activities and responsibilities have included positions as Program Chair for Guilds in Houston, Texas (Hand Weavers and Fiber Artists), and Ventura, California; President of the Houston Handweavers Guild; co-founder of Village Handcrafts fine handcrafts gallery in Houston; and President of Designing Weavers in California. His work is in public and private collections, including the Art Institute of Chicago, Illinois, and the offices of AT & T, Dallas, Texas.

## Майкл Ф. Род (1943 ж. дүниеге келген)

---

Майкл Род Техас штатындағы Форт Уорс қаласында дүниеге келген. Тігіншілікті өзі үйренген қолөнер адамы шағын тігін станогымен жұмыс істеген. Кейінірек сурет салу, бояу және дизайн жасау бойынша Техастағы Хьюстон көркем өнер мұражайы жанындағы Альфред С. Глассел атындағы Өнер мектебінде дәріс алды.

Өнер және ғылым саласында да білім алған, биохимия ғылымдарының докторы дәрежесінің иегері Род 1970-жылдардың бастапқы кезеңінен осы екі салада қатар еңбек етіп келеді. 1998 жылы зерттеу лабораториясы директоры лауазымын тастап, ол қолмен тоқу жұмысына бет бұрды. Өзінің шабытын Род былай деп түсіндіреді: «жаңа бір туынды шығару туралы ой бояулардың қоспасын көргенде туады немесе оны геометриядан алуға болады. Оаксакадағы (Мексика) баубакша немесе Стамбулдағы керамикалық

кафельдердегі көк түстің басымдығы ... нәтижесінде шыққан туынды түпнұсқаға мүлдем ұқсамауы мүмкін, бірақ оның тамыры сол жақта жатыр».

Бірнеше жылдар бойы Род Техас, Хьюстон қаласы мен Калифорния, Вентурадағы Қол тоқымашылары мен талшықты материалдармен жұмыс істейтін суретшілер ұйымының бір бағдарламасының төрағасы болып қызмет атқарды. Сондай-ақ, Хьюстон қол тоқымашылары ұйымы президенті, Хьюстон қаласындағы Ауылдық қолөнер шеберлері галереясының тең құрылтайшысы және Калифорниядағы тоқыма дизайнерлері ұйымының президенті болып еңбек етті. Оның туындылары қоғамдық және жеке жинақтарда, соның ішінде Иллинойс штаты, Чикаго өнер институтында, сондай-ақ, АТ&Т компаниясының Техас, Даллас қаласындағы кеңселеріне қойылған.

## Майкл Ф. Род (родился в 1943г.)


---

Майкл Род родился в Форт Уорсе, Техас. Вначале работа на ткацком станке была для него увлечением, но затем он закончил школу искусств Альфреда С. Гласса при музее изобразительных искусств Хьюстона, Техас, где получил профессиональные знания по рисунку, цвету и дизайну.

Став дипломированным специалистом в области искусства в дополнение к научной степени доктора наук в области биохимии, Род успешно сочетал работу в обеих областях с начала семидесятых годов прошлого века. В 1998 году он ушел с поста директора научно-исследовательской лаборатории, чтобы сконцентрироваться на творческой работе. Свое вдохновение Род объясняет так: «Идея изготовления нового полотна приходит тогда, когда случайно видишь какое-то сочетание цветов или геометрических форм – сад в

Оксака, Мексика, или богатство голубого цвета керамических плиток в Стамбуле... В итоге, как бы окончательный образ не был далек от источника вдохновения, влияние последнего все равно будет просматриваться.»

В течение всех этих лет сфера деятельности и занимаемые посты Рода также включают председательство в Гильдиях (художники текстиля и ткачи), Хьюстон, Техас и Вентура, Калифорния, и президентство в Гильдии ткачей Хьюстона. Он – один из основателей галереи художественного промысла Вилледж Хандкрафтс в Хьюстоне, и президент Общества ткачей-дизайнеров Калифорнии. Его работы находятся в государственных и частных коллекциях, включая институт искусства Чикаго, Иллинойс, и офисы АТ & Т, Даллас, Техас.



**Pastorale**, 2002

Hand-dyed wool on linen warp, 87 x 53 ½ in.  
Courtesy of the artist, Westlake Village, California

**Пастораль**, 2002

Астары кенеп, колдан боялган, жүннен тоқылған мата, 221 x 135,9 см.  
Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген,  
Уестлэйк ауылы, Калифорния штаты

**Пастораль**, 2002

Льняная основа, ручная роспись шерстяного плетения, 221 x 135,9 см. Любезно предоставлено автором, Уестлейк Вилледж, Калифорния

**Partita**, 2002


Hand dyed wool on linen warp, 87 x 54 in.  
Courtesy of the artist, Westlake Village, California

**Гармония**, 2002

Льняная основа, ручная роспись шерстяного плетения, 221 x 137,2 см. Любезно предоставлено автором, Уестлейк Вилледж, Калифорния

**Партита**, 2002

Астары кенеп, колдан боялган, жүннен тоқылған мата, 221 x 137,2 см. Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген, Уестлэйк ауылы, Калифорния





## Mary Zicafoose (born 1950)

---

Mary Zicafoose lives on the Nebraska prairie, operating a one-woman studio, designing, dyeing, and weaving tapestries and rugs. She uses color boldly, drawing upon weaving techniques and archetypal symbols that are classic and timeless. Her work is characterized by large fields of intensely saturated color and contemporary applications of weft-face Ikat tapestry. Zicafoose received her

Bachelor of Fine Arts degree from St. Mary's College, Notre Dame, Indiana. Graduate studies in art included the School of the Art Institute of Chicago, Illinois, and the University of Nebraska, Lincoln. She credits her courage at the dye pot to the influence of painter Mark Rothko, and her designs to every textile she has seen and touched.

## Мэри Зикафуз (1950 ж. дүниеге келген)

---

Мэри Зикафуз Небраска даласында тұрады. Өзі ғана жұмыс істейтін студияда гобелендер мен кілемдерді бояу, құрастыру және тоқумен айналысады. Ол тоқу әдістері және классикаға айналған әрі ешқашан ескірмейтін көне белгілермен қатар бояуларды батыл қолданады. Оның туындылары молынан қаныққан бояулармен ерекшеленеді және икат стилінде тоқылған гобелендердің қазіргі заманғы түрлері өрнек тапқан. Зикафуз көркем өнер саласындағы бакалавр

дәрежесін Индианадағы Нотр Дам университетінің жанындағы Әулие Мария колледжінен алды. Ол Иллинойс штаты, Чикаго өнер институты мен Линкольндағы Небраска университеті қабырғасында магистр бағдарламасын бітірді. Ол өзінің сан алуан бояуды қолдану шеберлігіне суретші Марк Росконның ықпал еткенін, ал өзі көрген әрі қолына алған әрбір тоқыма жұмыстың дизайнерлік шабыт бергенін айтады.

## Мэри Зикафуз (родилась 1950)

---

Мэри Зикафуз живет в прериях Небраски, имеет собственную студию, где занимается разработкой, росписью и ткачеством гобеленов и ковров. Она смело использует сочетания цветов с разнообразной структурой плетения и архетипические символы, которые являются классическими и вневременными. Для её работ характерны большие пространства интенсивно насыщенного цвета и использование традиционного плетения в стиле Икат как современной аппликации. Зикафуз

получила степень бакалавра изобразительных искусств в колледже Святой Марии, Нотр Дам, Индиана. Также она закончила школу института искусств Чикаго, Иллинойс, и университет Небраски, Линкольн. Свою смелость в использовании цвета она объясняет влиянием художника Марка Ротко, а источник дизайнерских идей – текстильными работами, которые она когда-либо видела и ощущала прикосновением.



**Night Fire, 2003**

Slit woven tapestry rug, hand dyed and woven wool on linen, 60 ½ x 43 in.  
Courtesy of the artist, Omaha, Nebraska

**Түнгі өрт, 2003**

Гобеленнен тоқылған кілем, қолмен боялған, жүн араластырылған кенеп мата, 153,7 x 109,2 см  
Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген,  
Омаха, Небраска

**Ночной костер, 2003**

Гобеленовый ковер, ручное окрашивание, вплетение шерсти в льняные нити, 153,7 x 109,2 см  
Любезно предоставлено автором,  
Омаха, Небраска

**New Fire Triple Helix, 2003**

Slit woven tapestry rug, hand dyed and woven wool on linen, 51 x 41 in.  
Courtesy of the artist, Omaha, Nebraska

**Жаңа жалынды үш қабатты шиыршық, 2003**

Гобеленнен тігілген кілем, қолмен боялған, жүн араластырылған кенеп мата, 129,5 x 104,1 см  
Суретшінің ілтипатты рұқсатымен берілген,  
Омаха, Небраска

**Новая огненная тройная спираль, 2003**

Гобеленовый ковер, ручное окрашивание, вплетение шерсти в льняные нити, 129,5 x 104,1 см  
Любезно предоставлено автором,  
Омаха, Небраска



**Acknowledgments** **Washington** Anne Johnson, Director, ART in Embassies Program • Virginia Shore, Curator • Imtiaz Hafiz, Associate Curator • Rebecca Clark, Registrar • Marcia Mayo, Publications Editor • Sally Mansfield, Publications Project Coordinator **Almaty** Yertore Orazay, Translation into Kazakh • Irina Russakova, Translation into Russian • Naomi Feigenbaum, Leila Aitmukhanova, Akmaral Mukanova, Lyudmila Smirnova, Ainur Sydykova, Editors • Talgat Galimov, Photographer **Vienna** Nathalie Mayer, Graphic Designer

**Алғыс** **Вашингтон** Анни Джонсон, «Елшіліктердегі ӨНЕР» бағдарламасының директоры • Вирджиния Шор, Өнер тәлімгері • Имтиаз Хафиз, Кіші тәлімгер • Ребекка Кларк, Іс қағаздарын жүргізуші • Марсия Мае, Басылымдар редакторы • Салли Мансфилд, Басылымдық жобаларды үйлестіруші **Алматы** Ертөре Оразай, Қазақ тіліне аударған • Ирина Русакова, Орыс тіліне аударған • Наоми Файгенбаум, Лейла Айтмуханова, Ақмарал Мұқанова, Людмила Смирнова, Айнұр Сыдықова, Редакторлар • Талгат Галимов, Фотограф **Вена** Натали Майер, Дизайнер

**Благодарность** **Вашингтон** Анне Джонсон, директор программы посольств по искусству • Виржиния Шор, куратор • Имтиаз Хафиз, ассистент куратора • Ребекка Клар, регистратор • Марсия Майо, редактор публикаций • Салли Мэнсфилд, координатор проектов по публикациям **Алматы** Ертөре Оразай, перевод на казахский язык • Ирина Русакова, перевод на русский язык • Наоми Файгенбаум, Лейла Айтмуханова, Ақмарал Муканова, Людмила Смирнова, Айнұр Сыдықова, редакторы • Талгат Галимов, фотограф **Вена** Натали Майер, дизайнер



Published by the ART in Embassies Program  
U.S. Department of State, Washington, D.C.  
August 2006